

«КЕЛІСЕМІН»

**«Грек-рим, еркін және әйелдер күресі
федерациясы» РҚБ**
Бас хатшы



«БЕКІТЕМІН»

**Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі
«Ұлттық ғылыми-практикалық
дене тәрбиесі орталығы»
РМҚК Бас директоры**
С. Садықов
« » 2022 ж.



**Еркін күрес және әйелдер күресінен 2006-2007 ж.т.
(ұлдар, қыздар) оқушылар арасында
республикалық жарысын өткізу
Е Р Е Ж Е С І**

**Астана қаласы
2022 жыл**

1. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ АТАУЫ

Еркін күрес және әйелдер күресінен 2006-2007 ж.т. (ұлдар, қыздар) оқушылар арасында республикалық жарысы (одан әрі- Жарыс).

2. Жарыстың мақсаты мен міндеті

ҚР балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту және насихаттау:

- салауатты өмір салтын қалыптастыру, өскелең ұрпақтың денсаулығын арттыру
- мектеп жасындағы оқушыларды еркін күрес және әйелдер күресі спортына тарту;
- балаларды темекі шегу, ішімдік, нашақорлық, бұзақылық, діни экстремизм сияқты зиянды әрекеттерден спортқа тарту;
- рухани жігерлілікке, адамгершілікке, патриоттыққа тәрбиелеу;
- өңірлік мектептердегі спорт түрлерін дамытудың деңгейін арттыру;
- спорттық ізбасарларды қалыптастыру үшін дарынды спортшыларды анықтау.

3. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ ӨТКІЗІЛУ ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ

Жарыс 2022 жылы 28-31 қазан аралығында, Астана қаласының «Q-sport» спорт кешенінде (көшесі Е-565/3) өткізіледі.

4. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫ ӨТКІЗУ ЖҮЙЕСІ

Жарыс қолданыстағы UWW (United World Wrestling) ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

5. ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР

Жарысқа Қазақстан Республикасының Алматы, Астана, Шымкент қалалары мен облыстық білім беру ұйымдарының оқушылары қатыса алады.

6. СПОРТШЫЛАРДЫҢ, ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРДЫҢ, ТӨРЕШІЛЕРДІҢ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

Жарысқа Қазақстан Республикасы облыстарының құрама командалары қатысады. Команда құрамы: 20 спортшы, 2 жаттықтырушы, 1 өкіл, 1 төреші.

7. СПОРТШЫЛАРДЫҢ ЖЫНЫСЫ МЕН ТУҒАН ЖЫЛЫ

Жарысқа командядан 2006-2007 ж.т. (ұлдар, қыздар) қатысады Жарыс UWW бекіткен қазіргі кездегі әуесқой күресінің ережесі бойынша өтеді.

Жарыс қолданыстағы UWW ережелеріне сәйкес 10 (он) салмақ дәрежесінде өткізіледі:

- ұлдар 45, 48, 51, 55, 60, 65, 71, 80, 92, 110 кг;
- қыздар 40, 43, 46, 49, 53, 57, 61, 65, 69, 73 кг.

8. НӘТИЖЕЛЕРДІ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Қолданыстағы UWW (United World Wrestling) ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

9. МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Спортшыларды салмақ өлшеу кезінде медициналық тексеруден өткізуге, жарыс кезінде медициналық көмек көрсетуге жауапты медициналық көмек (жарыстың бас дәрігерінің жетекшілігімен медициналық қызметкерлер тобы, сондай-ақ жедел жәрдем бригадасы) ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» қамтамасыз етеді.

10. ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

«Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы» РҚБ допингке қарсы ұлттық ұйымымен бірлесе отырып, допинг-бақылау мақсатында спортшыларды ұйымдастыруға және тестілеуге жәрдемдеседі.

11. ТӨРЕШІЛЕР АЛҚАСЫНЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

Бас төреші – 1, бас хатшы – 1, кілем жетекшілері – 6, кілемдегі төрешілер – 4, қақпалдағы төрешілер – 3. Барлығы – 15 төреші.

12. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ӨТІНІМДЕР БЕРУДІҢ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ

Жарысқа қатысу үшін алдын-ала тапсырыс 20 қазанға дейін nprcfk.sport@mail.ru жіберіледі. Арнайы тапсырыс парағы толық ережеге сай дәрігерлік тексеріуден өткен түрде мандат комиссиясына келу күні беріледі сонымен қатар қатысуға ұсынған спортшылардың төл құжаттарымен растайды.

Мандаттық комиссияға төмендегі құжаттар тапсырылады:

1. Спортшылардың денсаулығы туралы дәрігердің мөрімен анықтама;
2. Туу туралы куәлігі;
3. Сүретіне оқу мекемесінің мөрі басылған анықтамасы;
4. Сақтандыру полюсі болуы тиіс;

Құжаттары тапсырылмаған спортшылар жарысқа қатыстырылмайды.

Команданың: жолда, қонақ үйде және жарыс кезінде қауіпсіздігі үшін жауапкершілік жіберілген мекеменің өкіліне жүктеледі.

Төрешісі жоқ команда жарысқа жіберілмейді.

13. ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН ТӨРЕШІЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ

Жарысқа қатысушылардың шығындары (жол ақысы, тәуліктік ақысы, тамағы, жататын орыны) жіберуші мекемелер есебінен.

14. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ ЧЕМПИОНДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін ҚР ОАМ «Ұлттық ғылыми - практикалық дене тәрбиесі орталығының» кубок, диплом және медальдарымен марапатталады.

Жарыс өткізуге байланысты шығындар:

- дипломдар, кубоктар, медальдар, баннер дайындау;
- төрешілер, дәрігерлер мен қызмет көрсетушілердің еңбек ақысын төлеу;
- спорт кешенің, автокөлік жалға алу ҚР ОАМ «Ұлттық ғылыми - практикалық дене тәрбиесі орталығының» есебінен.

15. НАРАЗЫЛЫҚ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ

Барлық даулы мәселелер, наразылықтар қолданыстағы UWW (United World Wrestling) ережелеріне сәйкес беріледі және қарастырылады.

16. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРҒА ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН ТӨРЕШІЛЕРДІҢ КЕЛУ ЖӘНЕ ҚАЙТУ КҮНДЕРІ

Келу күні 27 қазан 2022 ж.

Шығу күні 31 қазан 2022 ж. (жарыс бағдарламасы қосымша 1)

Осы ереже жарысқа ресми шақыру болып есептеледі.

Анықтама телефондары: ҚР ОАМ «Ұлттық ғылыми - практикалық дене тәрбиесі орталығы» Губайдуллин Нурбек 8 701 793 66 95.

Жарыстың бағдарламасы		
Өткізілу күні	Уақыты	Іс-шаралар
27 қазан	16:00	Келу күні
	17:00	Төрешілер кеңесі
28 қазан	08.30	Салмақ өлшеу: Ұлдар күресінен 45, 51, 60, 71, 92 келі; Қыздар күресінен 40, 46, 53, 61, 69 келі; Алдын-ала кездесулер және жартылай финалдар.
29 қазан	08.30	Салмақ өлшеу: Ұлдар күресінен 48, 55, 65, 80, 110 келі; Қыздар күресінен 43, 49, 57, 65, 73 келі.
	09.00	Ұлдар күресінен 45, 51, 60, 71, 92 келі; Қыздар күресінен 40, 46, 53, 61, 69 келі салмақтарының екінші күн өлшенуі.
	09:30	Ұлдар күресінен 48, 55, 65, 80, 110 келі; Қыздар күресінен 43, 49, 57, 65, 73 келі; салмақтардың алдын-ала кездесулері және жартылай финалдары. Ұлдар күресінен 45, 51, 60, 71, 92 келі; Қыздар күресінен 40, 46, 53, 61, 69 келі салмақтарының финалдық кездесулері.
30 қазан	08.30	Ұлдар 48, 55, 65, 80, 110 келі; Қыздар күресінен 43, 49, 57, 65, 73 келі салмақтардың екінші күн өлшенуі
	09:00	Ұлдар күресінен 48, 55, 65, 80, 110 келі; Қыздар күресінен 43, 49, 57, 65, 73 келі салмақтарының финалдық кездесулері.
31 қазан	09:00	Кері қайту күні